

Қазақстан Республикасының спортшыларын 1994, 1996 жылдардағы кезекті Олимпиадалық және Азиялық ойындарға даярлау бағдарламасы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 12 қазандағы N 1013 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 12 мамырдағы N 691 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009.05.12 N 691 Қаулысымен .

Қазақстандық спортшыларды 1994, 1996 жылдардағы кезекті Олимпиадалық және Азиялық ойындарға ойдағыдай даярлау мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Олимпиадалық комитеті белгіленген тәртіп бойынша Халықаралық Олимпиадалық комитетіне және Азиялық Олимпиадалық кеңесіне Қазақстан Республикасы спортшыларының Олимпиадалық және Азиялық ойындарға қатысатындығы жөнінде мәлімдеу ұсынылсын.

2. Қазақстан Республикасының Туризм, дене шынықтыру және спорт министрлігі Қазақстан Республикасының Ұлттық Олимпиадалық комитетімен, ерікті спорт қоғамдарымен, спорт түрлері бойынша федерациялармен және дене шынықтыру мен спорт жөніндегі басқа да ұйымдармен бірлесе отырып, Қазақстан Республикасы спортшыларының 1994, 1996 жылдардағы Олимпиадалық және Азиялық ойындарға мақсатты түрде ойдағыдай даярлануын қ а м т а м а с ы з е т с і н .

(3 - т а р м а қ) .

Ескерту. Осы қаулының 3 тармағының күші жойылды. (1994 ж, 27 маусым, N 721 Қаз.Рес.Мин.Каб. Қаулысы).

4. Білім министрлігі Қазақстан Республикасының Туризм, дене шынықтыру және спорт министрлігімен, Ұлттық Олимпиадалық комитетімен және Қазақстан Республикасы ұлттық студенттер спорты одағымен бірлесе отырып, олимпиадалық резерв даярлаудың және спортшы студенттерді 1994 жылғы спортшы студенттер чемпионаттарына, 1995 жылғы бүкіләлемдік қысқы және жазғы универсиадаларға қатыстырудың мақсатты бағдарламасын жасайтын болсын.

5. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі: ұлттық құрама командалардың негізгі, стажерлік және резервтік

құрамдарының спортшыларына қажетті фармакологиялық және белокты-витаминді дәрі-дәрмек бөлсін;

дене тәрбиесі - спорттық диспансерлерді қажетті мөлшерде медициналық приборлармен, жабдықтармен және қосалқы бөлшектермен, қан және оны айырбастағыш қоспалар құятын бір реттік жүйемен, бір реттік шприцпен қамтамасыз етсін.

6. "Қазконтракт" акционерлік қоғамының "Қазавтомашконтракт" фирмасы Қазақстан Республикасы Туризм, дене шынықтыру және спорт министрлігінің, республиканың Ұлттық Олимпиадалық комитетінің өтінімі бойынша Қазақстан Республикасының спортшыларын 1994, 1996 жылдардағы Олимпиадалық және Азиялық ойындарға даярлауды жүзеге асыруы үшін қажетті көлік құралдарын, оның ішінде: автобустар ЛАЗ-695 - 6 ПАЗ-3201 - 3 ПАЗ-3205 - 3 РАФ-2203 - 8 автомобильдер ГАЗ-66 - 6 УАЗ-3962 - 4 УАЗ-3303 - 2 ВАЗ-2121 - 6 Москвич ИЖ-2715 - 10 бөлінуін қамтамасыз етсін.

7. Қазақ азаматтық авиация басқармасы 1994, 1996 жылдары Қазақстан Республикасының ресми спорттық делегацияларын кезекті Олимпиадалық және Азиялық ойындар өтетін жерлерге апарып-алып қайту үшін чартерлік рейстер ұйымдастыруды көздейтін болсын.

8. Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігі, "Қазақстан" мемлекеттік теле-радио хабарларын тарату компаниясы 1994, 1996 жылдары өтетін Олимпиадалық және Азиялық ойындардан Қазақстан Республикасына теле-радио хабарлары берілуін ұйымдастыру мәселесін шешіп, Қазақстан спортшыларын Олимпиадалық және Азиялық ойындарға даярлаудың барысын кеңінен жариялап отыратын болсын.

9. Қазақстан Республикасының Ұлттық банкісіне Қазақстан Республикасының Туризм, дене шынықтыру және спорт министрлігіне оқу-жаттығу жиындарын өткізу, спорттық жарыстарға қатысу үшін халықаралық рейстерге билет алу кезінде спортшылардың тамақтануы, орналасуы, көлікпен пайдалануы үшін қолма-қол жұмсайтын ақша қаражатын беруді жүзеге асыру ұсынылсын.

10. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі шетелдік спорттық делегацияларды, егер олар Қазақстан Республикасына дене тәрбиесі мен спорт саласындағы валютасыз алмасу негізіндегі ынтымақтастық туралы шарттарға сәйкес келген болса, оларды тамақтандыру, орналастыру, мәдени қызмет көрсету және көліктің барлық түрімен тасымалдау үшін ақы төлеу халықаралық нормаларға сәйкес мемлекеттік ақша бірлігінде жүргізеді деп белгіленсін.

11. Қазақстан Республикасының Туризм, дене шынықтыру және спорт министрлігі, Ұлттық Олимпиадалық комитеті Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің келісуі бойынша Олимпиадалық және Азиялық ойындардың

жүлдегерлері мен олардың жаттықтырушыларына сыйақы төлеу тәртібін әзірлеп, осы мақсат үшін қажетті ақшалай қаражат, оның ішінде шетелдік валюта бөлінуін көздейтін болсын.

12. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 1993 жылдан бастап спортшыларды 1994, 1996 жылдардағы кезекті Олимпиадалық және Азиялық ойындарға даярлау мен қатыстыруға қажетті қаржы, оның ішінде валюта қаржысы бөлінуін қарастырсын. 13. Министрліктер мен ведомстволар, облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері Олимпиадалық және Азиялық ойындарға қатысуға кандидат спортшылардың тұрмыстық мәселелерін шешуге барынша көмек көрсететін болсын. Қазақстан Республикасының Премьер-министрі Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 12 қазандағы N 1013 қаулысымен Бекітілген Қазақстан Республикасының спортшыларын 1994 жылғы қысқы және 1996 жылғы жазғы Олимпиадалық ойындарға, 1994 жылғы жазғы және 1996 жылғы қысқы Азиялық спорт ойындарына даярлау жөніндегі ұйымдастыру комитетінің Құрамы Жүкеев Т.Т. - Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары, ұйымдастыру комитетінің төрағасы Тұрысов Қ.Т. - Қазақстан Республикасының Туризм, дене шынықтыру және спорт министрі, төрағаның бірінші орынбасары Ақбаев А.С. - Қазақстан Республикасы Ұлттық Олимпиадалық комитетінің президенті, төрағаның бірінші орынбасары Әшіляев Қ.С. - Қазақстан Республикасы Туризм, дене шынықтыру және спорт министрінің орынбасары, төрағаның орынбасары Досымбетов Т.К. - Қазақстан Республикасы Ұлттық Олимпиадалық комитетінің вице-президенті, төрағаның орынбасары Ұйымдастыру комитетінің мүшелері: Әбішев Қ.О. - Қазақстан Республикасы Ұлттық Олимпиадалық комитетінің бас хатшысы Ауанов М. - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің орынбасары Арғымбаев Е.К. - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің орынбасары Ержанов М.Е. - Қазақстан Республикасы Ұлттық банкісі Алматы облыстық басқармасының бастығы Жигалов К.В. - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің орынбасары Жолдыбаев А.Е. - "Қазақстан әуе жолы" Ұлттық акционерлік авиакомпаниясының президенті Ысқақов Б.С. - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары Қабжанов Х.Б. - Қазақстан Республикасының Президенті мен Министрлер Кабинеті Аппаратының Іс басқарушысы, Қазақстан Республикасы коньки спорты федерациясының төрағасы Никитинский Е.С. - Қазақстан Республикасының Президенті мен Министрлер Кабинеті Аппаратының Ішкі саясат бөлімі меңгерушісінің орынбасары Саранин А.П. - Қазақстан Республикасы Туризм, дене шынықтыру және спорт министрлігі бас спорт басқармасының бастығы

*Ескерту. Комитеттің құрамына өзгеріс енгізілді - ҚРМК-нің 16.05.1994 ж. N
5 2 5 қ а у л ы с ы м е н .*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК